

Әлім Ә.А., Нұржанова Ш.С.

Қазақ тілін баспасөз материалдарында сауатты қолдана білу машығы

Мақала авторлары қазіргі қазақ журналистикасының тілі мен стилін талдайды. Сондай-ақ қазақ тіліндегі шығармалардың мәтін контентін және методологиясын, құрылымын зерттейді. Публицистер мен жазушылардың шығармаларының стиліндегі өзгешеліктер мен тілдік ерекшелік қарастырылады. Авторлардың пікірінше, әдеби және публицистикалық шығармалардың мәтіні қайталанбайтын, айрықша, мазмұнды, түсінікті болумен қатар, автордың өзіндік әдіс-тәсілдерін құрауы мүмкін. Мақала авторлары жазушы стилінің эксклюзивті және оның басқа стилден айырмашылығы тақырыптық мағынасын, мазмұнының тереңдігін, шығармашылық тәсілдерінің ерекшелігін, және оның жанрлық ауқымын жетілдіруді көздейді.

Түйін сөздер: стиль, қақтығыс, образ, шығарма, шығармашылық ойлау, автор, кәсіби машық.

Alim A.A., Nurzhanova Sh. S.

Competent and competent application of Kazakh in the press

Authors of article analyze language and style of modern Kazakh journalism. Also the structure, methodology and content of texts of creative works in Kazakh is investigated. Rassmatrena language features and uniqueness of style of works of writers and publicists. According to authors the text of the literary and publicistic work has to be unique, original, substantial, clear, clear, and also may contain specific receptions and the author's methods. Authors note that style of the writer is exclusive and his difference from other style consists in the importance of thematic sense, depth of development of contents, originality of creative receptions, perfection of a form of the work.

Key words: style, conflict, image, work, creative plan, author, professional skills.

Алим А.А., Нұржанова Ш.С.

Компетентное и грамотное применение казахского языка в печати

Авторы статьи анализируют язык и стиль современной казахской журналистики. Также исследуется структура, методология и контент текстов творческих произведений на казахском языке. Рассмотрены языковые особенности и уникальность стиля произведений писателей и публицистов. По мнению авторов, текст литературного и публицистического произведений должен быть неповторимым, оригинальным, содержательным, ясным, понятным, а также может содержать специфические приемы и методы автора. Авторы отмечают, что стиль писателя эксклюзивен и его отличие от другого стиля состоит в значимости тематического смысла, глубине разработки содержания, оригинальности творческих приемов, совершенстве формы произведения.

Ключевые слова: стиль, конфликт, образ, произведение, творческий замысел, автор, профессиональные навыки.

ҚАЗАҚ ТІЛІН БАСПАСӨЗ МАТЕРИАЛДАРЫНДА САУАТТЫ ҚОЛДАНА БІЛУ МАШЫҒЫ

Кіріспе

Белгілі жазушы Ғабит Мүсірепов әйгілі «Авгейдің атқорасынан бастайық» деген мақаласында: «Көркем әдебиетте әрбір сөздің өз тұрпаты сақталуы тиіс. Тілге бай, тілі жақсы дегенде ешбір жазушы жаңадан сөз тауып, сонысымен сөздің бай мағыналығына, көркемдігіне жетпейді. Халқының тіл байлығында бар сөздерді дұрыс тұрпатымен пайдаланып, сол қордан алынған сөздерден жаңа теңеулер, бейнелеулер қолдану арқылы тілге бай, шебер адам екен деп атайды» дейді.

Ахмет Байтұрсынұлы «Сөз талғау атты мақаласында»: «Шығарма сөз өнді, ұнамды болуы үшін талғаудың қоятын өз шарттары бар: сөз дұрыстығы, сөз дұрыс айтылуы деп әр сөздің, сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды, яғни:

а) сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулықты біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну.

ә) сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, көптеп, ымыраластыра білу.

б) сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, құрмаластырып орналастыра білуге дағдылану.

Тіл тазалығы, ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау, басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу, орыс жазушыларын мысалға алсақ, олар өз шығармаларында ескірген, жергілікті, яғни бір жерде айтылып, бір жерде айтылмайтын сөздерге жоламаған, өз тілінде бар сөздің орнына басқа тілден сөз алудан қашқан» дейді. Осы тұрғыдан алғанда, Сапар Байжановтың публицистикалық шығармаларында халықтың бай тіл қоры жинақталған, ол оны қай тақырыпты қаузап отырғанына қарай орнымен, ретімен қолданып отырған. Мәселен, ол белгілі суретші Ә. Ысмайылов туралы «Туған жердің мен де бір бозторғайы» атты очеркінде «Ез болып ғұмыр кешкенше, ер болып өлген артық», «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің», «Екі кеме құйрығын ұста, жетсе – бұйрығың», «Үй маңында төбе болса, ерттеулі атпен тең, ауылыңда қартың болса, жазып қойған хатпен тең», «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар», «Көш жүре түзеледі», «Адам айдаса барман, дәм айдаса қалман» деген мақал-мәтелдермен қатар, «Беу соққан желдей, аққан судай тоқтамайтын, зымыран дүние!...» деген бейнелі сөздерді молынан пайдаланған.

«Мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, бейнелі ұғымдар аз сөзбен көп мағына береді. Әрине, оларды қолданудың орны мен шегін білу қажет», – дейді бұл туралы ғалым Д.Э. Розенталь.

С. Байжанов аудармаға келгенде де мұқият болу керектігін ескертеді, оның сәтті тапқан аудармасы; бадминтон ойыны туралы, бадминтон добын, яғни орысша айтқанда «воланды» – «ақ қанат құс» деп көркем аударса, орыс тілінен тікелей «у нее красивые глаза как у верблюжонка» дегенін «көзі ботаның көзіндей әдемі», «қыз Жамал талтаңдайды бесті атандай» дегенді «девушка Жамал шагает хорошо, как пятилетний верблюдо-мерин» деп аударылатын қателіктерге ол қарсылығын білдірді, өйткені оның пікірінше бұл сөздер өз көркемдігін жоғалтқан, еш мағына бермейтін, сен тұр мен атайын сөздер.

Журналист «Арғымақ аттың белгісі – аз оттар да көп жортар» сияқты халық мақал-мәтелдерін ой түйінін айтуда қолданумен қатар, тақырыптың мәнін ашуда да пайдаланды. Мәселен, «Үйде батыр, түзде пақыр», «Адасқанда жол тапқан озбақ», «Басшы оңалмай, қосшы оңалмайды», «Биік мансап – биік жартақ», «Алтын сырға», «Өз қотырымызды ғана қасып қалмайық», «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда».

В.Г. Белинский осы тұрғыда: «сөз өнері өзінің әдебиеттік шын дәрежесіне жеткенше сөзді көп талғамайды, жаман сөз, жақсы сөз мәтінге кіре береді де, сол күйі есте сақталып, жалпы сөздіктен орын алады».

Бұл – барлық ауыз әдебиетіне тән нәрсе, Абайға дейінгі әдебиетіміздегі сөйлемге тікелей қатынасы жоқ сөздердің кездесулерінің негізгі себебі осы деп білуіміз керек. Мұны Абай көре де, ұға да білді:

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол ақынның білімсіз бейшарасы.

Тіл ұстанудағы сөйлемдерде ойға қатынаспайтын сөз қолданушылыққа аяусыз күрес жүргізу керек, шын мәніндегі көркем шығарма – өмірдің құр ғана сырт бейнесі ғана емес, суретті сөз арқылы берілген ішкі мазмұны, журналист мақала мазмұнын айқын, ашық, жинақы, жанды етіп беру үшін сөз дәлдігін, анықтылығын, орындылығын, мағыналылығын пайдаланады.

Қай елдің классик жазушыларын алсақ та, олар да осы әдісті қолданады, өз халқының тілінің рухына үйлеспейтін, кездейсоқ сөздерге жол берілмей, оларға қарсы күрес жүргізу арқылы дәлдігі, анықтығы жағынан құнды сөздерді

тілдік қорға кіргізу әдебиет тілін жасайды. Бұл дүниежүзіндегі классик әдебиетінің бәріне тән, қазақ жағдайында Абай да осыны берік ұстанған шын мәніндегі классик Абайдың:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

дейтін сөздері әдебиет тілін жасауда өзінің тарих алдындағы міндетін толық ақтаған, өз тілінде ғана көркем, өз тілінде ғана мағынасы түсінікті, басқа тілге аударылмайтын идеомалық сөздер болады. Олардың мәні де, қасиеті де тек сол өз тілінде ғана: «Ұры тісі ішінде», «Қырық қазанның құлағын тістеген», «Тас қалауы сыртында», «Сайда саны, құмда ізі жоқ», «Ит мініп, ирек қамшылап», «Семіздің аяғы сегіз», «Қыры кеткен ит қырын жүгіреді», «Құр табаққа бата жүрмейді», тағы басқа осы тәріздес сөздер қазақ тілінде көп кездесетін, басқа тілге аударылмайтын, аударылса да, тап өз тіліндегідей жанды болып шықпайтыны уақытпен дәлелденген [1].

Негізгі бөлім

Интернет-басылымдардың сауаттылығына келсек, ондағы ерсі көрінетін, белең алған, барлығына ортақ қалыптасқан тенденция мәтін сөйлемдерінің шорт кесілген болып келетіні, осындайда еріксіз ойға қаласың, сөйлем аяқталмаған, яғни ой да аяқсыз қалған. Мәселен, «Қазақстанда жұмыссыздық артып келеді» деген сөйлемді сол қалпында қалдыруға болмайды, оған ол қандай көрсеткішпен салыстырғанда артып келеді, соңғы жылмен немесе соңғы бес жылмен салыстырғанда ма, бұл беталыс қалай байқалуда, бұл ақпаратқа қалай қол жеткіздің, – сияқты сұрақтар жауапсыз қалмауы керек. Аудитория сенің «жұмыссыздық артып келеді» деген жалаң сөйлеміңнен дерек, факті және ақпарат ала алмайды.

Бизнес құрылымдарда көп кездесетін жағдай жалданған анонимдік ақпарат беруші адамның болуы, Батыс журналистикасының тәжірибесі анонимдік ақпараттан алыс жүруді пайымдайды, өйткені ондай ақпарат шынайы болмайды, көп жағдайда қателікке ұрындырады, өйткені дәлел аз, айғақ жоқ.

Мәселен, интерфакстан Үкіметтің белгілі бір мұнай кенішін игеріп жатқан компаниямен келісім-шарт үзілді деген ақпарат келсе, журналистің алғашқы реакциясы ақпараттың дұ-

рыстығын Үкіметтен, компанияның баспасөз қызметінен жалма-жан тексеру, соның өзінде де оған ешкім де бірден сұрағына жауап қайтармайды, өйткені ондай жағдайда, баспасөз қызметінің телефондары бос емес болады, иә болмаса телефон тұтқасын ешкім көтермей қояды, мұндайда тілші бейшара кейпін кешеді, ең құрығанда ол компания басшылығынан: бізде ондай ақпарат жоқ, жауап беруі тиіс адам жұмысқа келген жоқ деген жауап алады, бірақ аса маңызды оқиғалар болған кезде анонимдік мәліметтің болуы біреудің өмірін сақтап қалуы немесе үміт сыйлауы мүмкін.

Мәселен, «ҚазАқпарат» ақпараттың маңыздылығына қарай, шұғыл дария етілетін «қысқа хабар» амалын қолданады, мұндай амалды «ИнтерФакс Қазақстан» агенттігі жиі пайдаланады, аса маңызды тың жаңалықтарды ести салысымен аталмыш агент тілшілері оны бір сөйлеммен ғана редакцияларға, сайтқа хабарлайды, жаңалық дереу таралады, оның артынша 5-10, 15 минутта сол жаңалықтың толық нұсқасы беріледі. Бұл тұрақты тұтынушыларды – оқиғаның мән-жайын еріксіз сол агенттіктен күттіруге мәжбүрлейді және бұл агенттіктердің өзіне жіпсіз байлап қою тактикасы.

Мәселен, «Үкімет алдағы тоқсанда шалғай ауыл тұрғындарын кешенді медициналық тексеруден өткізу туралы шешім қабылдады. Премьер-министр Бақытжан Сағынтаев бұл туралы қарашаның 10-ы күнгі Үкімет отырысында мәлім етті. Үкімет басшысының айтуынша, осы мақсатқа бюджеттен 1 миллиард теңгеге жуық қаржы бөлінетін болды, деп хабарлайды ҚазАқпарат агенттігі Астанадан».

Ақпарат агенттігінде қоғам мен мемлекет үшін елеулі оқиғалардан, алқалы мәжілістерден жедел хабарлар берудің бір жолы – сондай үлкен оқиғаларға кемінде екі тілшіні жіберу, өйткені мәжілісте маңызы бір-бірінен артық болмаса, кем болмайтын әр түрлі мәселелер талқыға түсетіндіктен, жалғыз тілші оның бәріне үлгері алмайды. Мәселен, қоғам қайраткерінің аузымен экономикаға қатысты тың ұсыныстар айтылды делік, осы ақпаратты тілші құрғақ күйінде ғана хабарлап қоймай, оған дәмдеуіштер, яғни осы мәселеге қатысты салалық мамандар мен сарапшылардың ой-пікірлерін қосып, кеңейтілген жаңалық немесе комментарий-түсініктеме ретінде материал дайындайды, бұл әдіс-тұтынушы үшін жаңалыққа байланысты тиісті мамандардың қандай көзқараста екенін білуі үшін қажет.

Қорытынды

Л.Н. Толстой сөз суреткерлерінің шеберлігін: «Бірден-бір керекті сөзді тауып қолданып, оны дұрыс орналастыра білуде» деп таниды.

Сөйлем құруда сөзді орнымен орналастыруды шеберлік деп танысақ, сөздерді орын тәртібімен дұрыс орналастыру үшін қазақ тілінің ережелерін білу керек, қазақ тілінде сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі тұрақты болып келеді, орыс тілінде еркіндік принципі басымдау.

А.С. Пушкин өз шығармаларында жиырма бір мың сөз қолданған екен, соның он жеті мыңы қайталанылмаған сөздер, ол сол сөздердің естілуі анық болуын жіті қадағалаған, бүгінгі күні журналистің өз мәтініндегі сөздердің анық болуына көп мән бөлуі керек:

1. Жалғаулықты сөздерді дұрыс қолдану, жалғаулық шылаулар бірыңғай мүшелердің немесе салалас құрмалас сөйлемдерді әр түрлі мағыналық қатынаста байланыстырып, ыңғайластық, қарсылықты, талғаулықты, себеп-салдар, шарттық болып бөлінеді.

Жалғаулық шылаулардың септеуліктермен ұқсастығы, екеуі де сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады, ерекшелігі, септеуліктер бір сөзді екінші сөзге бағындыра, сөз тіркесін құрауға немесе бағыныңқы сөйлем мен басыңқы сөйлемді байланыстырып, сабақ-тас құрмалас сөйлем құруға негіз болса, жалғаулықтар екі сөзді тең дәрежеде байланыстырып, сөйлемнің бірыңғай мүшелерін құруға немесе жай сөйлемдерді салаластыра байланыстырып, салалас құрмалас сөйлем жасауға негіз болады. Тек шарттық қатынасты білдіретін жалғаулықтар ғана бағыныңқы сөйлем мен басыңқы сөйлемдерді байланыстырады.

2. Демеулік сөздерді дұрыс қолдану, олар тіркескен сөздеріне қосымша мағына, реңк келтіріп, сөйлемге эмоционалды өн бере отырып, іштей: сұраулық, күшейтпелі, нақтылық, шектік, күмәндік, болымсыздық түрлеріне бөлінеді.

3. Алыстан орағытып, түсіндіремін демей, айтайын деген ойды дәл жеткізу.

4. Екіұшты мағыналы сөздерді қолданбау, тілдегі сөздер көркем әдебиетте қолданылу тәсіліне қарай өзіндік ерекшеліктер қабылдап отырады. Сөз мағыналарының ішіндегі ауыспалы мағыналарды қолдану тәсілдері болады.

Сөздің ауыспалы мағыналы қолданылуы, көркем әдебиетте индивидуалдық, дербестік сипат қабылдап, әрбір журналистің өзіндік сөз саптау ерекшелігіне айналып отырады, ал ауыспалы мағына – ол тек жалпыхалықтық

тілге тән сипат. Көркем әдебиетте сөздің ауыспалы қолданылуы – жалпыхалықтық тілдегі сөздердің ауыспалы мағынасына сүйене отырып жасалғанда ғана орынды болып шығады.

Сөздердің көркем әдебиетте, әсіресе, поэтикалық жанрда ерекше мағыналық өзгерістерге ұшырауы әрбір ақын-жазушының сөз мағыналарын саралай білу қабілетімен байланысты. Поэтикалық сарын тек поэзияда ғана емес, кейбір поэтикалық сарында жазылған проза жанрларында да кезеседі: «Абай жолы», «Оянған өлке», «Шұғаның белгісі» сияқты прозалық еңбектердің тілінде поэтикалық сарынды элементтер көптеп кездеседі.

«Абай жолы» эпопеясында бір «кеуде» деген сөзге байланысты көптеген метафоралық қолданыстарды кездестіруге болады: көр кеуде, қиянат кеуделі, бөрі кеуде, бітеу кеуде.

Журналистік мәтінде көп мағыналы сөздер контекст арқылы ажыратылып, айқындалып отырады. Тілде сөздердің ауыспалы мағынаға ие болуы бір келкі, бір текті болмайды, кейде екі зат пен құбылыстың түрі, көлемі жағынан бір-біріне ұқсастығы негізінде ауыспалы мағына пайда болса, кейде екі зат пен құбылыстың өзара қызметтестігі, іргелестігі арқылы бірінің мағынасы екіншісінің атауын білдіріп жатады.

Сөз мағыналарының осындай өзіндік ерекшеліктеріне қарай полисемияны метафора, метонимия, синекдоха деп бөлуге болады. Мәселен, метафора бір зат пен құбылыс атауларының түрі, сырт көрінісі, жай-жапсары

жағынан басқа зат пен құбылысқа ұқсас болуы арқылы жасалады.

Метафорада бір зат немесе құбылыс басқасына ұқсастырылады да, оның «образдылығы» әр кезде әртүрлі құбылып отырады. Мәселен, «қудалау» сөзі әуелде малға айтылып келсе, кейін келе бұл сөз біреудің соңына түсу, аңду тәрізді ауыспалы мағынаға ие болды.

5. Сөздердің орыс тіліндегі «мужской, женский, средний род» деп аталатын мәтіндерін ажыратып, дұрыс қолдана білу керек.

6. Әңгіме көп адам не бір адам туралы ма, соны аңғартатын сан есім жалғауларына сақ болу керек.

Жас журналистерді дайындау барысында ақпарат, жедел хабардың қалыбы қандай болуы керектігін журналистиканың жанрлары дәрісінен үйретіп келеміз.

Студенттер материалды жазғанда жаңалықтың сонысын, мәйегін текстің ең басына қоятын «төңкерілген пирамида» немесе «лид» тәсілін меңгеруде. Мәселен, ақпарат агенттігі тілші даярлаған мәтінді интернет желісіне шығару үшін тез арада, бас аяғы 15-20 минуттан аспайтын және ең маңыздысын ғана екшелеп, аудиторияның дерек пен оқиғаны тез қабылдауына септігін тигізетін қарапайым тілмен қысқа да нұсқа жазуды, әрі журналистің бойындағы энциклопедиялық деңгейдегі саясат, құқық, экономика, спорт, туризм салаларын, ағымдағы реформаларды жетік білу қабілеті болуы маңызды.

Әдебиеттер

1. <http://www.adebiportal.kz/news/-azhym-zh-maliev-abay-a-dey-ng-aza-poeziyasyn-zh-ne-abay-poeziyasyny-t-l/>